

## Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастрын әзірлеу, басып шығару және жүргізу жөніндегі қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 283 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 мамырда № 11045 тіркелді.

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 1-тармағының 8-4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына мемлекеттік кадастрын әзірлеу, басып шығару және жүргізу жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы бұйрықты тиісті қызметтер қызметкерлерінің зерделеуін үйімдастырысын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

полиция генерал-лейтенанты

К. Қасымов

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 8 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

2015 жылғы "\_\_\_"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2015 жылғы 31 наурыздағы  
№ 283 бүйрөгымен бекітілген

**Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына мемлекеттік кадастрының әзірлеу, басып шығару және жүргізу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына мемлекеттік кадастрының әзірлеу, басып шығару және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жекелеген қару тұрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастрын (бұдан әрі – Кадастр) әзірлеу, жүргізу, басып шығару, тәртібін белгілейді.

2. Кадастрға жүзі бар және лақтыратын сұық қарулар, механикалық тозандатқыштар, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қолдануға рұқсат берген көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен жарақталған аэрозольды және басқа да құрылғылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін немесе шетелге әкетіletіn қарулардың сирек даналары туралы мәліметтерден басқа, сәйкестігі мендетті түрде расталған өткен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары туралы барлық мәліметтер енгізуге жатады.

**2. Кадастрының әзірлеу тәртібі**

3. Кадастр мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) отандық өндірістің азаматтық қаруы мен оның патрондары;
- 2) шетелдік өндірістің азаматтық қаруы мен оның патрондары;
- 3) қызметтік қару мен оның патрондары;
- 4) тек экспорттау үшін жасалған қару мен оның патрондары;
- 5) қару өндіру кезінде технологиялық мақсаттарда пайдалануға арналған сынақтық, үлгілік және басқа да патрондар.

4. Кадастрға қару мен патрондар туралы мынадай мәліметтер енгізіледі:

## 1) отандық өндіріс шығарған:

қару мен пайдаланылатын патрондар моделінің (патрондар үлгісінің) атавы мен белгіленуі;

қару мен патрондардың негізгі техникалық көрсеткіштері;

әзірлеуші мен жасап шығарушының атавы;

ол бойынша қарулар (патрондар) жасалатын (сыналатын) нормативтік құжаттың белгіленуі мен атавы;

сынақ жүргізген үйим (зертхана);

үлгісінің түрлі-түсті фотосуреті;

## 2) шетелдік өндіріс шығарған:

қару мен пайдаланылатын патрондар моделінің (патрондар үлгісінің) атавы мен белгіленуі;

қару мен патрондардың негізгі техникалық көрсеткіштері;

қару мен патрондарды жасап шығарушы елдің және фирмалық атавы;

түрлі-түсті фотосуреті;

сәйкестігі расталған сынақ жүргізген орган (зертхана) (ол Қазақстан Республикасында жүргізілген болса).

Шетелдік өндірістен шыққан қару мен патрондар туралы қосымша мәліметтер ретінде қарудың жасалу нұсқалары, таңбалануы, сатушы-фирма, техникалық сипаттамасы енгізілуі мүмкін.

5. Кадастрга енгізілетін қару мен патрондардың негізгі техникалық көрсеткіштерінің номенклатуrasesы қарудың осы түріне арналған нормативтік құжаттармен айқындалады. Отандық қарудың әр моделіне тіркеу нөмірі беріледі.

6. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары туралы мәліметтерді Кадастрга енгізу олардың сәйкестігін міндетті түрде растау нәтижелері негізінде жүргізіледі.

Сәйкестігін міндетті түрде растауға Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасынан әкетілетін азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының барлық моделі жатады.

7. Қарудың және оның патрондарының техникалық талаптары мен сынау әдістері техникалық реттеу саласындағы қолданыстағы нормативтік құжаттармен айқындалады.

8. Әкелінетін қару мен оның патрондарына мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ақпарат ілесе жүреді.

9. Өтініш иесі мәліметтердің сәйкестігін растау жөніндегі органға осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген мәліметтерді, сондай-ақ ұсынылатын қарудың (патрондардың) белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды (қарудың немесе патрондардың жинау сыйбасын, қарудың немесе патрондардың паспортын) ұсынады.

Сертификаттық сынақтарды жүргізу үшін қарудың немесе патрондардың ұлгілері ұсынылады.

10. Сертификаттық сынақтардың, ұсынылған мәліметтерді, құжаттарды және қарудың немесе патрондардың ұлгілерін тексеру нәтижелері негізінде сәйкестігін растау жөніндегі орган бұйымдарды азаматтық және (немесе) қызметтік қаруға немесе патрондарға не конструкциясы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарға жатқызу туралы шешім қабылдайды және өтініш иесіне Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамада белгілеген нысан бойынша сәйкестік сертификатын береді.

Сәйкестік сертификаты қару мен оның патрондарының Қазақстан Республикасының аумағындағы айналымы үшін негіз болып табылады.

11. Сәйкестігін растау жөніндегі орган қару моделіне (патрондардың ұлгілеріне) еki данадағы істі құрайды және оның бір данасын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ПМ ӘПК) ұсынады.

12. Қарудың әрбір моделіне (патронның ұлгісіне) осы Қағидалардың 2, 3, 5, 6, 7 және 10-тармақтарына сәйкес қалыптастырылатын және Қазақстан Республикасы ПМ ӘПК-нің төрағасы бекітетін азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары модельдерінің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) негізінде Кадастрың тіркеу нөмірін береді.

### **3. Кадастры басып шығару және жүргізу тәртібі**

13. Кадастр Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында шығарылады.

14. Кадастры тізбенің негізінде қағаз және электрондық тасымалдаышта Қазақстан Республикасы ПМ ӘПК жүргізеді. Кадастрга өзгерістерді тізбе бекітілгеннен кейін үш ай ішінде Қазақстан Республикасы ПМ ӘПК енгізеді.

15. Кадастрың түпнұсқасы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ қарудың модельдерін (патрондардың ұлгілерін) Кадастрга енгізу туралы құжаттар Қазақстан Республикасы ПМ ӘПК сақталады.